

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйесінде акцияларды сатып алуға және сатуға өтінімдерді қанағаттандыруға күту режимін белгілеу туралы

Күші жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы директорының 2000 жылғы 7 желтоқсан N 732. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 10 қаңтарда N 1357 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2005 жылғы 26 наурыздағы*

N 117 қаулысына Қосымша

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының " Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйесінде акцияларды сату және сатып алу жөніндегі өтініштерді қанағаттандыру үшін күту режимін белгілеу туралы" 2000 жылғы 7-желтоқсандағы 732 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1357 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және басқа мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде 2001 жылы жарияланған, N 5)...

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның сауда жүйесінде акциялармен мәмілелер жасау кезінде бағалармен айла-шарғы жасау мүмкіндігін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 36) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты қаулы е т е д і :

1. Осы Қаулыда қолданылған ұғымдардың мыналарды білдіретіндігі б е л г і л е н с і н :

1) "Биржа" - "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ы;

2) "сауда-саттық" - Биржа өткізетін сауда-саттықтар;

3) "өтінім" - сауда-саттыққа қатысушының қандай да болмасын бағалы қағаздарды не Биржаның сауда жүйесінде айналыстағы өзге де қаржы құралдарын сатып алуға немесе сатуға өтінімі;

4) "үзіліссіз қарама-қарсы аукцион әдісі" - Биржаның сауда жүйесі оған енгізілген өтінімдерді қарама-қарсы бағыттар өтінімдерінде көрсетілген бағалар мен көлемдердің үйлесімдігіне сүйене отырып, оған бұрын енгізілген өтінімнің құрамында сондай баға бар ұқсас бағыттың оған енгізілген өтінімдерінің алдында артықшылығын ескерумен қанағаттандыратын сауда-саттық өткізу әдісі ;

5) "франкфурт аукционы әдісі" - белгілі бір уақыт ішінде оның аяқталуы бойынша кесіп тастау бағасы бойынша барлық немесе жекелеген осы өтінімдерді қанағаттандыру жүргізілетін, Биржаның сауда жүйесіне өтінімдер енгізу жүзеге асырылатын сауда-саттық өткізу әдісі;

6) "өтінімді қанағаттандыру" - өтінімнің негізінде мәміле жасау;

7) "кесіп тастау бағасы" - мәмілелер жасасудың ең жоғары көлемі қамтамасыз е т і л е т і н б а ғ а .

2. Егер, үзіліссіз қарама-қарсы аукцион акцияларымен сауда-саттық өткізу кезінде негізінде осы акциялармен мәмілелер жасалуы мүмкін, өзара үйлесімді өтінімдер анықталатын жағдайда:

1) бұл өтінімдердің өзін қанағаттандырудың бес минуттық күту режиміне ө з д і г і н е н ө т е т і н д і г і ;

2) аталған режимнің қолданылуы кезінде өткізу барысында сауда-саттыққа қатысушылар Биржаның сауда жүйесіне өзін қанағаттандырудың күту режимінде тұрған өтінімдерге қатысты бәсекелес болатын өтінімдер енгізуге құқылы болатын франкфурт аукционы әдісімен осы акциялармен сауда-саттық ө т к і з і л е т і н д і г і ;

3) аталған режимді қолданудың аяқталуы бойынша өтінімдерді (өзін

қанағаттандырудың күту режимінде тұрған да және осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес Биржаның сауда-саттық жүйесіне енгізілген де) қанағаттандыру кесіп тастау бағасы бойынша жүргізілетіндігі;

4) осы тармақтың 3) тармақшасына сәйкес өтінімдер қанағаттандырылғаннан кейін үзіліссіз қарама-қарсы аукцион әдісімен осы акциялармен сауда-саттық өткізудің жанаратындығы белгіленсін. Бұл ретте қанағаттандырылмай қалған өтінімдердің (өзін қанағаттандырудың күту режимінде тұрған да және осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес Биржаның сауда-саттық жүйесіне енгізілген де) осындай сауда-саттықтарға өзінің Биржаның сауда-саттық жүйесіне қайталап енгізу қажеттілігінсіз немесе өзін растамай-ақ қатысуын жалғастыратындығы;

5) егер, үзіліссіз қарама-қарсы аукцион әдісімен осы акциялармен сауда-саттық өткізу кезінде негізінде осы акциялармен мәмілелер жасалуы мүмкін, өзара үйлесімді өтінімдер анықталса, онда осы тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген рәсімдердің орындалатындығы белгіленсін;

б) осы тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген рәсімдер мына оқиғалардың біреуі басталғанға дейін орындалуға жатады: Биржаның сауда-саттық жүйесіне енгізілген және осы акциялар мән-мағынасы болып табылатын барлық өтінімдерді қанағаттандыру; Биржаның сауда-саттық жүйесіне енгізілген және осы акциялар мән-мағынасы болып табылатын барлық өтінімдерді осы өтінімдерді берген сауда-саттық қатысушының бастамасы бойынша қайтарып алу; Биржаның сауда-саттық жүйесіне бұрын енгізілген және осы акциялар мән-мағынасы болып табылатын барлық қанағаттандырылмаған өтінімдерді жою көзделетін, осы акциялармен сауда-саттық жасауды аяқтау.

3. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енгізілетіндігі белгіленсін.

4. Биржа осы Қаулы күшіне енгізілген күннен бастап екі айдың ішінде:

1) өзінің ішкі құжаттарын (олар Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 23 желтоқсандағы N 19 V980707_ қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың қызметін жүзеге асыру қағидаларының 1-тармағы 2) тармақшасында айқындалған) осы Қаулыға сәйкес келтіруге;

2) осы Қаулының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес акциялармен сауда-саттықтар өткізуге кірісуге міндеттелсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұ Л Т Т Ы Қ К О М И С С И Я С Ы Н Ы Ң

Төрағасы

